

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 164 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 қазанда № 9785 тіркелді

2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, инвестициялық портфельді басқарушылар және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүргізетін операциялардың бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ұйым активтерді инвестициялық басқару туралы шартқа сәйкес қабылданған активтер сомасына инвестициялық басқаруға алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1800 01	Ақша
	1800 02	Тазартылған қымбат металдар
	1800 03	Бағалы қағаздар
	1800 04	Орналастырылған салымдар
	1800 05	Капиталға инвестициялар
	1800 06	Материалдық емес активтер
	1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
	1800 08	Басқа да активтер
	1800 09	Алуға арналған шоттар
	1800 10	Дивидендтер

	1800 11	Сыйақы
	1800 12	Басқа да талаптар
Кт	1830 01	Клиенттен активтердің түсуі.»;

5 - тармақ алынып тасталсын ;

36-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Тиісті келісімдерде белгіленген комиссиялық сыйақылар ұйымның кірістері деп танылады. Бұл кірістер ұйымның жеке бухгалтерлік есебінде және жеке қаржылық есептілігінде тиісті баланстық шоттарда көрсетіледі. Бұл ретте мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады : » ;

37, 38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы» 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9735 тіркелген) бекітілген « Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес актив ретінде тану критерийлеріне жауап беретін ақшаны брокер брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттен қабылдаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) баланстық шоттарда :

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	3390 81	Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері;

2) брокер активтерді клиенттің ақшасына сатып алған кезде:

Дт	3390 81	Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

Клиенттен қабылданатын ақшаның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы» 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысымен бекітілген «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес актив ретінде тану критерийлеріне сәйкестігі туралы шешім брокердің ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады .

38. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар

брокер клиенттен ақшаны алған кезде, сондай-ақ клиент үшін активтерді сатып алған кезде баланстан тыс есепте мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Кіріс	8970	«Депозит» шоттары.
-------	------	--------------------

39. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер клиенттен алынған ақша шегерімге жатқызған кезде, сондай-ақ клиент үшін активтерді сатқан кезде баланстан тыс есепте мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Шығыс	8970	«Депозит» шоттары.».
-------	------	----------------------

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Төрағасы</i>	<i>Ұ л т т ы қ</i>	<i>Б а н к</i>	<i>Қ. Келімбетов</i>
-----------------	--------------------	----------------	----------------------